



БҰЙРЫҚ

27 06 2025

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 366

город Шымкент

Қаржы басқарушыны тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңының 23 бабының 1 тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ержан Рахимжанович Абдрамановтың (ЖСН 830215301614) арызы бойынша қаржы басқарушысы болып Фариза Жарысқызы Қожамжарова тағайындалсын.

2. Қаржы басқарушы Ф.Қожамжарова «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасы басшысының м.а.Н.Сергазінге жүктелсін.

Негіздеме: Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының 25.06.2025 жылғы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы бойынша іс қозғау туралы ұйғарымы.


Басшы



Б.Қарымсақов

«Қаржы басқарушыны тағайындау туралы»
(бұйрықтың атауы)

Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің
2025 жылғы « 27 » 06 № 366 бұйрығының келісім парағы

Атауы	Құрылымдық бөлімшелер атауы	Жауапты тұлғалардың аты-жөні	Жауапты тұлғалардың қолы, күні
КЕЛІСУ	Басшының орынбасары	Ж.Акаев	
	Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасы басшысының	Н.Сергазин	
ӘЗІРЛЕГЕН	Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының бас маманы	Г.Даниярова	

Арызды қабылдау және азаматтық істі қозғау,
азаматтық істі сот талқылауына дайындау туралы
ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 25 маусым №5242-25-3-1/20551 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы Б.А.Борибеков, арыз беруші Ержан Рахимжанович Абдрамановтың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы электрондық форматтағы арызын қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Арыз «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (әрі қарай – Заң) 20 бабының талаптарына сай келеді.

Арыз Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының соттылығына жатады, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 148-150-баптарының талаптарына сәйкес келеді, сотқа қазақ тілінде берілген, сондықтан АПК-нің 14-бабына сәйкес іс бойынша өндірісті қазақ тілінде жүргізу қажет.

Баяндалғандар негізінде, Заңның 20,22 баптарына сай, судья

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының өндірісіне арыз қабылдансын және ол бойынша электрондық азаматтық іс қозғалсын.

Сот ісін жүргізу тілі қазақ тілі болып белгіленсін.

Аталған арыз бойынша келесі әрекеттерді жүргізуге:

1) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептеледі;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлардың борышкерден міндеттемелерді орындауды талап етуіне тыйым салынады;

3) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) және сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;

4) борышкердің өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелерді қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салынады;

5) кредиторлардың мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан борышкердің мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептеледі;

6) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде емделу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеу қажет болған жағдайларды қоспағанда, борышкердің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығуына тыйым салынады;

7) борышкердің банктік шоттарынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді;

8) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, борышкерге талаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің шеңберінде ғана қойылуы мүмкін;

9) борышкердің мүлкіне қатысты соттардың бұрын қабылданған шешімдерінің орындалуы тоқтатыла тұрады;

10) мемлекеттік органдардың, өзге де органдар мен ұйымдардың борышкер мүлкікті беруге, мүлкікті міндеттемелерді төлеуге немесе өзге де тәсілмен орындауға міндетті болатын шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады.

Уәкілетті орган соттың сот арқылы банкроттық рәсімін қозғау туралы ұйғарымы шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысын тағайындауға.

Барлық мемлекеттік органдарға, өзге де органдар мен ұйымдарға жоғарыда көрсетілген әрекеттерді жүргізуге тиым салуды міндеттеуге.

Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қозғау туралы ұйғарымының көшірмесі борышкерге, уәкілетті органға, борышкердің тұрғылықты жері бойынша әділет органына, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына, жеке сот орындаушылар палатасына жолдауға.

Судья

Б.Борибеков

